



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

стационарлық техникалық әдістерге: аралас циклдік турбиналар, ұшақ типтес турбиналар, жану элементтері химиялық элементтерді пайдалануды шектеу (фармацевтика саласында).

10) Сұранысты реттеу мен бақылау. АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау Агенттігі американдық коммуналдық қызметтер қоршаған ортаны ластауды қысқарту туралы бағдарламаларды әрқашанда қолдауға даяр екендігін растап отыр, электро энергияны үнемдеу, тұтыну қалдықтарын, отбасы мүшелерінің санына қарай тұрмыстық қалдықтарды бекітілген нормада шығару, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға, олармен айналыс кезінде адам денсаулығы мен өміріне сондай-ақ шикізаттың қосымша көзі ретінде оларды шаруашылық айналысына барынша тартуға қалдықтардың теріс әсер етуінің алдын алуға бағытталып отыр.

11) Қаланы дұрыс жоспарлау және оны көгалдандыру шаралары зор маңызға ие. Жасыл желектер, ағаштар мен бұталар ауадағы зиянды газдарды сіңіреді. Бразилияның Куритиба қаласы өзін «Экология астанасы» деп жарнамалайды, Оңтүстік Америкадағы озық технологияның көрсеткіші – автобус жүйесін алғашқы пайдаланған әйгілі қала. Куритибада автобус әрі тез әрі жылдам жүреді, арзан және машиналардан ыңғайлы, оның салоны кең әйнек терезелермен, жайлы отыратын орындар, бір сөзбен айтқанда қазіргі заманғы дизайнмен әрленген. 1970 жылдан қала әкімінің (мэр Джеймс Лернар басшылығымен озық технологиялық автобус жүйесі құрылған еді. Автобустар 270 адамды сыйғыза алатын және 12 км. жолды 20 минутта аяқтай алады. Сондай – ақ осы жоспар бойынша, көп қабатты үйлер мен ғимараттардың 1-ші қабатынан дүкендер мен тамақтанатын асханаларды салуды ұйғарды; көгалдандыру шараларына келгенде, көптеп емендерді, ақ қайыңдарды, теректерді және өзге де ағаш түрлерін отырғызуды міндеттеді, яғни саябақтар мен демалатын алаңдар саны көбейді.

Қората келе, шет елдеріндегі атмосфераны ластаумен күресудің бағдарламалары және озық тәжірибесі астарында әр мемлекеттің жан – жақты ойластырылған, экономикалық негізделген саясаты ұштасқанын байқаймыз, қоршаған ортаны қорғау проблемалары экожүйенің тұтастығын сақтауға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу, оны жүзеге асыру тиімділігімен тікелей байланысты екендігі расталды.

Республикамыздың өркениетті және экономикасы дамыған елдер қатарына қосылуы оның табиғи байлықтарын игерумен, үнемді пайдаланумен және құқықтық тетіктерді оңтайлы қолданумен шарттасып отыр[5].

Еліміздің ірі қалалары өз деңгейлерінде атмосфераны қорғау жөнінде бағдарламалар бекітіп, оны орындау талпыныстары қарқынды деп айту қатты айтқандық болар, әлде де болса олардың орындалуына бақылау жасау, есеп жүргізу, ынталандыру және қаржылай көтермелеу мемлекет тарапынан, республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат нысанында болуы, біздіңше, игі бастамалардың бірі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Правовые реформы в Казахстане №2 (24),2004.
2. Р. Дубаев: «Экологическая информация – реальность и проблемы 45-47.
3. Экологическая политика РК; Асель Кусупбекова 53-55.
4. Г. Кыдырханова «Государственно – правовая идеология и экология» 2004. - № 1, ПГУ им. С. Торайгырова.
5. Правовая реформа в Казахстане № 1 (23) 2004.

ӘОЖ 349.6

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ НЫҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оразалиев Кайырбек Уткирулы
Kair1259batyl@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті экологиялық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі, Астана, Қазақстан

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бір елдің аумағымен шектеліп қалмайды, ол дүниежүзілік сипатта болады. Айналадағы ортаны қорғау бүкіл халықаралық қауымдастық назарынан тыс қалмау керек, әсіресе, бүгінгі күнде экология тығырыққа тіреліп, қоғам мүшелерінің санасында болашақ ұрпаққа, адамзат үшін барлық қажетті құқықтық негіздерді қалыптастыру мақсатында да халықаралық қауымдастықтағы елдермен тығыз байланыста болу керек. Қазақстан Республикасы өзінің бай табиғи ресурстық потенциалымен, оны қорғау және молайтудың негіздерін көздей отырып, бірнеше халықаралық Конвенцияларға, келісім-шарттарға ратификация жасалды.

Конвенцияларға, келісім-шарттар мен заңдарға тоқталудан бұрын халықаралық экология құқығына тоқталғым келеді.

Табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық нормалар өткен ғасырда-ақ орын ала бастады. Халықаралық конвенциялар, шарттар мен келісімдердің жарыққа шығуын анализдеу арқылы халықаралық экологиялық құқықтың дамуын 3-ке бөлуге болады: 1-кезең 1839-1948 жылдар; 2-кезең – 1948-1972 жылдар; 3-кезең – 1972 жылдан ары, яғни бүгінгі және осы жаңа ғасыр[1].

1-кезеңде жалпы табиғатты қорғаумен байланысты мемлекеттердің бірігуі Берн қаласында, 1913 жылы өтті. Бұл Конференция табиғатты қорғау мақсатында ұйымдастырылған еді. 1923 жылы табиғатты қорғау жөнінде Халықаралық конгресс болды. Ұлттар Лигасы экология мәселелеріне елеулі назарды аудармады. Бірінші кезеңде, мемлекеттер өз айналадағы ортасына, экологиялық проблемаларына тоқталғанымен, оларды шешу үшін өзінің территориялық басымдылық қағидасына сәйкес, басқа елдердің аумағына, ішкі саясатына қол сұқпаушылық принципін ұстанды.

2-кезең тікелей Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметімен байланысты. Экологиялық саладағы халықаралық ынтымақтастық, ғылыми-техникалық конференция «Табиғатты қорғау туралы» БҰҰ-ның ұйымдастыруымен өткізілген, зор маңызға ие. 1962 жылғы 18 желтоқсандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының «Экологиялық даму және табиғатты қорғау» атты резолюциясының маңызы әлемді таң қалдырды. Осы кезеңде елуден аса экологиялық сипаттағы халықаралық шарттар қабылданды. Мысалы, 1950 жылғы табиғатты қорғау жөніндегі Халықаралық конвенция; 1951 жылғы өсімдіктерді қорғау жөніндегі Халықаралық конвенция және тағы басқалар.

Менің ойымша, елеулі де маңызды орынға ие Адам құқықтары туралы декларациясы. Мұнда, 3-бапта адамның ең негізгі құқығы - өмір сүру құқығы деп көрсетілген. Кейінде осы құқық 1966 жылғы Пактіде адамды қоршаған ортаның қолайлығы және тазалығы көзделген.

3-кезеңдегі айтулы оқиғалар ретінде 1972 жылғы адамды қоршаған ортаның проблемалары туралы БҰҰ-ның Стокгольм конференциясы және 1992 жылғы БҰҰ-ның конференциясы қоршаған орта және оның дамуы туралы. Екі конференцияның ресми қабылдаған құжаттарынсыз әлемдегі өзекті экологиялық мәселелер айқындалмас еді. Декларациялар бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мемлекеттерін қоршаған орта мен табиғи байлықтарды пайдалану және өндіру, игеру барысында аса ұқыптылықпен, тиімді экологиялық тұрғыдан алғандағы шараларды жүзеге асыруға шақырады.

Бүгінгі күнде экологиялық талаптарды экономикалық мүдделер басып тұрғанда, еліміз өз табиғатына айрықша иелік ете отырып, ең дұрыс жолды тандап, халықаралық құқық нормаларына сай экологиялық ынтымақтастықты орната алады деген ойдамын.

Қазақстан Республикасының құзыретті органы Парламент ратификациялаған екі Заң актісі:

1. Қазақстан Республикасының озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылу туралы Заң, 1997 жылы, оныншы қазанда қабылданған;

2. Қазақстан Республикасының озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль протоколына қосылу туралы Заң, 1997 жылы оныншы қазанда қабылданған.

Қазақстан Республикасының озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылу туралы Заң озон қабатын адам қызметінен туындайтын өзгерістерден қорғауды қамтамасыз етудегі маңызды шара болып танылады. Конвенция 1985 жылы 22 наурызда қабылданған. Конвенцияның екінші бабы озон қабатының ахуалын өзгертуге әкеліп соғатын немесе соқтыруы ықтимал қызметінің салдары болып табылатын немесе болуы мүмкін қолайсыз әсерінен адамдардың денсаулығы мен айналадағы ортаны қорғау үшін тиісті шаралар қолдануға міндеттейді. Галиодталған хлорфторкөмірсутегінің және хлоры бар басқа заттардың бүкіл жер шары бойынша әуеге тасталуы және толығымен пайдаланылуы озон қабатын едәуір дәрежеде жұқартуы немесе өзгедей жолмен оның жағдайын өзгертуі мүмкін екенін, мұның өзі адам денсаулығы, егістіктер, теңіз тіршілігі материалдар мен климат үшін ықтимал зиянды зардаптарға әкеліп соғатынын, сонымен бір мезгілде мүмкін болмақ өзгерістерді және олардың ықтималды зиянды зардаптарын одан әр бағамдау қажеттігін анықтауды белгілеп отыр.

Қазақстан Республикасының озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль протоколына қосылу туралы Заңға сәйкес, озон қабатын бұзатын немесе бұзуға әкеп соқтыратын заттардың тізімін белгіленген. Зиянды зардаптарға соқтыратын заттарға: хлорфторкөміртегі, көміртегінің қос тотығы, озон тотықпасы, көміртегі тотығы, қорғасын, күкірттік қоспалар және тағы басқа. Озон қабатының өзгеруі, соның салдарынан күннің тірі организмдерге ықпал ететіні және жер бетіне жететін әсер күлгін сәуленуінің шоғырлығының өзгеріске ұшырауы мүмкіншілігі әрі адам денсаулығы, организмдер және экожүйелер мен адам пайдаланылатын материалдар үшін ықтимал зардаптарын алдын алу және жою шараларын жүргізу.

Озонның атмосфералық температуралық құрылымын бұзуы мүмкін тік бетінің өзгеруі, әрі ауа райы мен климат үшін ықтимал зардаптарын алдын алу мен жою мақсаттарында жүргізілетін шаралардың әдіс-тәсілдері көрсетілген. Жұмыс орындарындағы кәсіби тәуекелден, ауаның ластануынан, шудан және вибрациядан туындаған зардаптардан қорғау Конвенциясы қатысушы мемлекеттердің барлық басқару, жеке меншік сипаттарындағы ұйымдарға, мекемелерге өздерінің қарауындағы жұмысшыларды жоғарыдағы көрсетілгендерден қорғауы тиіс. Бұл Конвенция 1977 жылы 20-шы маусымда Женевада қабылданған, ал Қазақстан Республикасында 1996 жылы 26 маусымда ратификацияланды.

Халықаралық экологиялық ынтымақтастық ешқашан тоқтатылмай жүргізілуі керек, себебі бүгінгі таңдағы әлемдегі экологиялық жағдай қуантарлық сипатта емес. Планетамыздың түкпірлерінде сан түрлі экологиялық апаттар болып жатыр, әрбір табиғатқа, қоршаған ортаға келтірілген зардап орын толтырмастай. Мысалға: бір елдің өнеркәсіп орындары зиянды қалдықтарды тастаудың нәтижесінде көршілес мемлекеттердің аумағында қышқылды жаңбырлар жаууы мүмкін.

Бәрімізге белгілі Чернобыль атом – электр стансасындағы апат салдарынан 5 облыс радиоактивті заттармен ластанды, тіршілік жоқ. Кім кінәлі деген сұрақтарға жауап іздеу, оны жазалау негізгі мақсат емес, дер кезінде көмек көрсету, апат салдарын жою себебімен халықаралық қауымдастық мүшелерімен бірлесе отырып шешу болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік-еліміздің даму бағытындағы басым бағыттардың бірі, ал экологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық негізгі құрам бөлігі[2].

Радиациялық қауіпсіздік жалпы экологиялық қауіпсіздік жүйесінде ерекше орын алады. Қоршаған ортаның радиациямен ластануы барлық тірі организмдердің өміріне ерекше қауіп төндірумен қатар, олардың генетикалық қорының бұзылуына, тіпті жойылып кетуіне, залалдың бірнеше ұрпақтарға жалғасуына алып келеді. Бұл мемлекет, қоғам алдында шешімі қиын экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелер туындатады. Қоршаған ортаның радиациямен ластануы ғана емес, көптеген экологиялық мәселелер шешімін таппай, мемлекет тарапынан, халықаралық арнайы органдар тарапынан негізгі құқықтық қорғауды тиісті дәрежеде атқара алмай отыр. Табиғи ортаны қорғаудың заңдылықтары Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ мұнайгазконденсаты өндіріс орталығында жұмыс

жасап жатқан шетелдік “Аджип”, “Бритишгаз”, “Тексако”, “Лукойл” компанияларында да сақталынбай келеді. Бұл әлемге әйгілі компаниялардың өндірістерінде экологиялық қадағалау жүзеге асырылмаған, ауаға зиянды заттарды тастауды азайту бағытында тиімді шаралар ұйымдастырылмаған, әрбір учаскедегі өндірістік қалдықтардың пайда болуы және оны ыдырату жөнінде ешқандай есептер жүргізілмеген. Алауғазды жаққанда желдету қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісілмей жүзеге асырылған, белгіленген тастанды шектеулердің көлемі сақталмаған. Зиянды төрт сыныпты қауіпті қалдықтар уақытша сақтайтын алаңға лабораториялық бақылаусыз қабылданып, бұл жерлерде олардың ауаға, жерге, жер асты суларына зиянын тигізетін әсеріне бақылау көрсеткіштері жүргізілмеген[3]. Қазіргі уақытта шетел компаниялары ТМД елдерімен біздің республикамыздың нарығына белсенді түрде еніп жатыр. Аталған экспансияның жағымды жақтарымен қатар жағымсыз кезеңдерін атап өтуіміз керек. Ол шетел компаниясы тарабынан құқық бұзуға олармен экологиялық тәртіп ережелерін бұзумен және атмосфералық ауаны ластауға әрекет ететін табиғатты қорғау заңнамаларының жетілдірілмегендігімен байланысты. Атап айтқанда, атмосфера экологиялық құқықтық тәртіп құрылымының орталық буыны болып табылады.

Адамзаттың өмір сүруі үшін және жердегі өмір үшін атмосфера маңызын қайта бағалау өте қиын, өйткені жер планетасында атмосфера, ауа кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің болуы мен сақталып қалуына, яғни өмірді қамтамасыз етеді. Осылайша, атмосфералық ауаның экологиялық тазалығы – барлық экологиялық жүйенің тепе-теңдігін сақтаудың негізі.

Көптеген шетел мемлекеттері атмосфералық ауаның жағдайына көп көңіл бөледі. Жеке айтатын болсақ, АҚШ-та 1970 жылы Таза ауа туралы арнайы заң қабылданды. Онда қорғасын, хлор, көміртегі оксиді, озон, күкірттің екі оксиді және азоттың екі оксиді сияқты кәдімгі ластаушылардың болу шегі бекітілген. АҚШ көрсетілген нормативтік акті қабылданған кезден бастап бүгінгі күнге дейінгі осындай құқық бұзушылықтарға қылмыстық жауапкершілік бар. Атмосфералық ауаны ластағаны үшін қылмыстың жазаның жоғарғы шегі жеке штаттарды заң шығарушылардың өзі белгілейтін – 40 жыл бас бостандығынан айыруға тең. АҚШ-та өз елінің ауа бассейнінің қорғау проблемасын қаншалықты күрделі қабылдап отырғанын, осыдан білуге болады.

Осылайша, алдыңғы қатардағы мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық заң шығарушылар экологиялық бұзушылықтарды жасайтын және тек қана атмосфералық ауа қатынасына байланысты емес қылмыстар т.с.с. табиғи ресурстарды, табиғи ортаны қорғау аясындағы құқық бұзушылықтарды, табиғи ортаны қорғау аясындағы құқық бұзушылықтарды, толығымен алғанда бүкіл мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін қорғау мен сақтауға байланысты құқық бұзушыларға нақты анықталған қатаң шаралары бар нормативтік құқықтық актілердің жиынтығын қабылдауы керек[4].

2002 жылдың 11 наурызында Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаны қорғау туралы Заңы қабылданды. Осы Заң атмосфералық ауаны қорғаудың құқықтық, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адамның өмірі мен оның жай-күйі туралы дұрыс ақпарат жөніндегі азаматтар құқықтарын іске асыруға бағытталған.

Сонымен, экологиялық саладағы халықаралық ынтымақтастықтың қарқынды дамуы және қоршаған ортаны қорғауды ұлттық насихаттау атмосфералық ауаның барынша дүниежүзілік сипатта қорғалуы мен адамзаттың келешек болашағы үшін ажырамас құқықтық тетікті тиісті деңгейде қалыптастырып, дамытады деген ойдамын. Әрине, өз еліміздің басқару органдарымен, оның құзыретті институттарымен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, экологияны пайдалануды жүзеге асыруға бағытталған қызметтерді қадағалау мен бақылауды ұйымдастыруда халықаралық құқық нормаларын қолдана отырып, басқа мемлекеттермен өзекті проблемаларды бірлесе отырып шешу. Біздің ойымша, халықаралық ынтымақтастықты дамыта отырып, еліміз бірқатар экологиялық апаттың салдарынан туындаған залалдарды жою үшін, адамзаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті шараларды жүзеге асыра алады деген ойдамын.

Қорытындылай келе, біз болашақ ұрпағымыз үшін бар табиғи байлығымызды, оның ұқыпты пайдаланылуы мен құқықтық қорғалуының негіздерін қалыптастыру мақсатында әсіресе, атмосфералық ауаның қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретіндегі заңды түрде қорғаудың тетігін бекіту бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтанда атмосфералық ауаны тиімді пайдалану және қорғау, ластануын ең төменгі деңгейге жеткізу әр саналы азамат есінен шықпау керек[5]. Осы шараларды мемлекеттік сипаттарда жүзеге асыру және мектеп, жанұя қабырғаларында насихаттау іс-әрекеттері маңызды орынға ие. Жас шағынан, бала кезінен қоршаған ортаны ластамауға, қорғауға және ұқыпты пайдалануға негізгі түсініктер қалыптасса, келешекте экология мүдделеріне қатысты заңбұзушылықтарға жол бермейтіндігіне сенемін. Сонымен, туған табиғатты бүлдірмей, оны көздің қарашығындай сақтау әрбір саналы азаматтың қасиетті міндетіне айналуы тиіс деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Р.Х.Габитов «Правовая охрана атмосферного воздуха» дис.канд. юрид.наук. М., 1986г.
2. ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы, 1998ж. 26 маусым.
3. Заң және заман. Н.Нұрахметов. 83-85. N 5, 2000.
4. Ерофеев Б.В. Экологические преступления. М., 1999г.
5. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.

УДК 349.6

СПОСОБЫ ВОЗМЕЩЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВРЕДА

Салихова Альбина Асанбековна

mrs_joker@mail.ru

Магистрант ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, кафедры экологического и предпринимательского права, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Тулеубаева Г.Ж.

Права граждан на жизнь и здоровье – естественные права человека, принадлежащие ему от рождения. Однако раньше охрана жизни и здоровья граждан традиционно понималась как защита от насильственных посягательств на личность.

С принятием закона КазССР от 18 июня 1991 года «Об охране окружающей природной среды в Казахской ССР» интересы граждан в чистом и здоровом природном окружении получили статус законных интересов, признаваемых государством и защищаемых правовыми средствами.

В Конституции независимого Казахстана, принятой 28 января 1993 года, были обозначены новые приоритеты: права и интересы личности провозглашены высшей ценностью, а право граждан на благоприятную для жизни и здоровья окружающую природную среду возведено в ранг конституционного права.

Экологический вред – это негативные изменения окружающей среды, вызванные антропогенной деятельностью и создающие реальную угрозу здоровью человека, растительному и животному миру, материальным ценностям.

В общем понятии экологического вреда различают вред первичного и вторичного происхождения, при этом вред жизни и здоровью людей всегда имеет производный характер, поскольку его возникновение обусловлено негативным воздействием загрязненной окружающей среды

Существует три способа возмещения экологического вреда:

1. Экологическое страхование.